



## ҚазҰУ-да Түлектер күні тойланды

Әдеттегідей, биыл да түлектер ҚазҰУ қалашығындағы әл-Фараби және Өмірбек Жолдасбеков ескерткіштеріне гүл шоқтарын қойып, Студенттер сарайына жиналып, Түлектер күнінің салтанатты ашылуында бас қосты. Бұл мейрам «Гаудеамус» студенттер әнұранының орындалуынан басталды. ҚазҰУ-дың даму тарихы – бұл отандық университеттің ғылыми білім ортасын қалыптастыру жолы, жоғары білім мен жаңа даму формасын іздеу жүйесіндегі және қоғам өміріндегі көшбасшылық дәстүр. Осы орайда, оқу орнының жеткен жетістіктеріне арналған бейнефильм көрсетілді.

«ҚазҰУ Түлектер күніне қош келдіңіздер. Университет түлектеріне қарап, ЖОО-ның деңгейі анықталады. Біздің түлектер мәдениетті, бәсекеге қабілетті. Біздің қарашаңырақ ҚазҰУ-дың бүгінгі түлегі сіздерге қарап бой түзейді. Ұрпақ сабақтастығы деген осы. Біз бүгін білікті азаматтар даярлаудамыз. Жыл сайын осы күнді арнайы «Түлектер күні» деп атап өтеміз. Төл оқу ордасына келіп, сағынышын басып, курстастарымен жүздесемін деген түлектерімізге әрқашан есігіміз ашық. Біздің ұжым сіздер мақтан тұтатындай болуға лайық әрі жоғарыдан көрінуге тырысып, ізденіс үстінде жүреді», – деді құттықтау сөзінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ф. Мұтанов. Университеттің дамуы мен гүлденуіне өз үлесін қосып, демеушілік көрсетіп жүрген ҚазҰУ түлектері университет ректорының құрмет грамотасымен марапатталды.

Биыл оқу бітіргендеріне 15, 20, 30 жыл толып отырған түлектер бас қосып, өздері білім алған факультеттерінің үздік студенттеріне арнайы шәкіртақылар тағайындап, сый-сияпат жасады. Олар ҚР БЖҒМ география институтының директоры, география факультетінің 1977 жылғы түлегі М. Ахметқалды, 20 жылдық кезде-



25 мамыр күні әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да жалпыуниверситеттік деңгейде Түлектер күні өтті. Жыл сайын «ҚазҰУ түлектерінің күні» мамыр айының соңғы сенбісінде тойланады.

суге келген журналистика факультетінің 1993 жылғы түлектері, «Атамұра» корпорациясының президенті, философия факультетінің 1994 жылғы түлегі Р. Құл-Мұхамед, халықаралық қатынастар факультетінің 1995 жылғы түлегі Ж. Баймұхамедов және т.б. түлектер үздік студенттерге ақшалай шәкіртақы табыс етті.

Қарашаңырақ ҚазҰУ-дың биология және биотехнология факультетінің 1952 жылғы түлегі, профессор, ҚР ҰҒА академигі Иса Байтулин «жақсы оқыңдар, ел өркендеуіне үлкен үлес қосыңдар» деген тілегін жастарға жеткізіп, жылы лебізбен құттықтады.

Сонымен бірге, оқу озаттары, үздік спорт шеберлері

мен белсенді зерттеуші, белсенді азаматтық ұстанымы үшін, үздік өнерпаздар, үздік бітіруші топ студенттері марапатталды.

Түлектер білім алған факультет тынысымен танысу үшін жеке бағдарламалар бойынша университет факультеттерінде кездесу ұйымдастырылды.

«Гүлдер» би ансамблі, өнші Бахтияр Тайлақбаев пен «Денар» тобы би мен әннен шашу шашты. Кеш соңында әл-Фараби кітапханасында алғаш рет Түлектер балы болып, жиналған қауымға тамаша көңіл-күй сыйлады.

Еңлік АҚЖІТ

## Бейіндік мектепті тұңғыш түлектері тамамдады



25 мамырда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың бейіндік мектебінің тұңғыш бітірушілеріне арналған «Сыңғырла, қоңырау, тағы да...» атты іс-шара өтті. Көңілдерін қимастық сезімі билеген мектеп түлектері, ұл-қызын жетелеген ата-ана, шәкірттерін үлкен өмірге шығарып салғалы тұрған ұстаздар жиналған шараға Алматы қаласының Алмалы аудандық өкілдері, университет пен мектеп әкімшілігінің құрметті қонақтары қатысты.

Бітіруші түлектерді ортаға шақырып, әнұран орындалғаннан кейін «Соңғы қоңырауға» арналған жиын салтанатты түрде ашылды.

Сөз кезегін алған бейіндік мектептің директоры Дәрия Алпысбаева ҚазҰУ-дың бейіндік мектебі 10-11 сынып оқушыларына заманауи білім беріп, ғылыми-шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік тудыратынын алға тартты. Оқыту жүйесі оқушылардың математика, физика, химия және т.б. пәндер бойынша зерттеу жұмыстарына қызығушылықтарын дамытуға бағытталғанын атап өтті. 2011 жылы құрылған бейіндік мектепке алғашында 22 оқушы қабылданып, бүгінде алғашқы түлектерін ұшырғалы отырса, дәл қазіргі уақытта бейіндік мектепте оқушылардың саны 46-ға жетті. Болашақта бұдан да көп көлемде оқушылар қабылдауға дайын екендерін айтты. Ал бейіндік мектепке

қабылдау ұлттық тестілеу негізінде жүзеге асырылатын болады.

Биыл мектепті тамамдағалы отырған түлектердің үшеуі Ө.А. Жолдасбеков атындағы ғылыми жоба, Байқоңырда өткен ғылыми-зерттеу жобасы сынды халықаралық байқаулардың жеңімпазы. Олар ҰБТ-ға қатыспайды. Өйткені бұл түлектерді тегін оқу бөлімінің студенттері қатарына қосуға болады. Ал бұл жетістіктердің барлығы оқытушылар қауымының жемісі.

Бітірушілердің ата-аналары жастарға үміт артты. Ақ жол тіледі. Салтанатты шара соңында жүздері бал-бұл жанған түлектер соңғы рет «Мектеп вальсін» биледі. Алтын ұяларымен қимай қоштасқан талапкерлерді сыңғырлай соғылған соңғы қоңырау үлкен өмір сапарына шығарып салды.

Айзада ЖОЛДАСОВА

### БҮГІНГІ САНАА:

МОЛОДЕЖЬ НЕ ПОДВЕЛА



2-бет

### БҮГІНГІ САНАА:

«ПОЭЗИЯ ТАРЛАНЫНА»  
АРНАЛҒАН  
ЖЫР КЕШІ



5-бет

### БҮГІНГІ САНАА:

ФОТО РЕПОРТАЖ



8-бет

## PhD докторы – университеттің бет-бейнесі

PhD докторларын дайындауда заманауи көзқарас қажет. ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанұлы басқарған ректорат мүшелері кешегі мәжілісте осылай деп ой қорыпты. Университет басшысы бұрынғы сұрлеу мен тәртіптерден бас тартып, халықаралық тәжірибе алмасуға басымдық беру арқылы докторанттың біліктілігін көтерудің маңыздылығын баса айтты. Себебі, бүгінгі философия ғылымдарының докторларына қойылатын талап та өзгеше.

PhD докторларын дайындаудың тиімділігі туралы Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының директоры Таңсұлу Мирасбекқызы хабарлама жасады. ҚР ЖОО-лары арасында PhD докторларын дайындаудағы ҚазҰУ-дың алар орны ерекше. Бүгінде ол 61 пайызды құрап отыр. Институт директоры 2008-2012 жылғы докторант түлектерге жан-жақты сараптама жасап өтті. Бүгінде докторантураға арналған білім беру бағдарламаларының міндеті мен маңызы да аса зор. Сондай-ақ лицензиялау кезінде философия докторы дәрежесіндегі шетелдік ғалымдардың болуы және олармен сәйкес мамандықтарды дайындау жөніндегі келісім мен келісімшарттың болуы шарт.

Докторанттар үшін шетелдік ғалымдардың дәріс беруі және шетелдік жетекшілердің университетке келуі қалыпты оқу процесі болуы керек. Ал, шетелдік тәжірибені меңгеріп, оны өз зерттеулеріне ұтымды пайдалану

докторанттың еншісінде. Алайда Таңсұлу Мұхитдинова докторанттардың сол мүмкіндікті дұрыс пайдалана бермейтіндігін атап өтті. Шетелдік жетекшілермен байланыс орнату, сол оқу орындарына барып, зерттеу тәжірибесі мен ғылыми тағылымдамадан өтуде де докторанттарды дұрыс бағыттау керек. Бұл жайлы ғылыми мамандарды дайындау және аттестациялау бөлімінің басшысы Алтынай Кәкібайқызы өз баяндамасында мәлім етті. Сонымен қатар ол бакалавр, магистратура және докторантура бойынша білім беру бағдарламаларында кейбір қайаланушылық орын алғанын алға тартты. Университет басшысы Ғалым Мұтанов білім беру бағдарламаларын қайта қарап, бір ізге түсіруді тапсырды. Ректорат мүшелері аталмыш мәселелерді қызу талқылап, ҚазҰУ PhD докторларының біліктілігі мен бәсекеге қабілеттілігін нығайта түсудің жолдарын ұсынды.

Әйгерім ӨЛІМБЕКОВА

Студенттер сайлау кезеңіндегі өз құқықтары мен міндеттерін біле бермеуі мүмкін. Тіпті сайлауға бей-жай қараушылық та жастар арасында көптеп кездеседі. Орталық сайлау комиссиясының мүшесі заң ғылымдарының докторы, профессор Марат Сәрсембаев 24 мамырда өткен жастармен кездесуде басты назарды осы мәселеге аударды.

## Сайлаушы жастардың бейтараптығының себебі неде?

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы заңнама» деген тақырыппен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ заң факультетінің ұйымдастыруымен өткен шарада студенттердің электораттық сауаттылығы мен белсенділігі, олардың сайлауға қатысуы төңірегіндегі өзекті мәселелер талқыланды.

«Біздің елімізде сайлауға қатысу – әр азаматтың құқығы. Алайда сайлау кезінде жастарды, әсіресе студенттер қауымын басқарып, әскери сапқа тұрғызғандай әкелуге тура келетін жағдайлар бар. Себебі жастар сайлауға мүлде бармауы мүмкін», деген Марат Алданғорұлы Белгия, Голландия, Австралия елдеріндегі сайлау заңдарынан мағлұмат бере кетті. Ал «ҚР сайлау туралы» Конституциялық заңы 1992 жылы 28 қаңтарда қабылданып, 12 рет өзгерту енгізілген. Биыл 24 сәуірде Елбасының жергілікті әкімдерді сайлау туралы үкімі шыққан.

«Солтүстік Америка, бүкіл Еуропаны қамтыған 37 мемлекетті зерттей отырып, жергілікті әкімдерді қосалқы сайлау арқылы бекітуді дұрыс деп шештік», – деді комиссия мүшесі. 7-24 сәуір аралығында өтетін жергілікті әкімдер сайлауында жеңіп шыққан әкімнің 67 функциялы өкілеттілігі болмақ. Сөйкесінше, олардың әрқайсысына тиісті қаржы бөлініп болады. Ал оларды аудандық мәслихат депутаттары сайлайды.

Демек, ауылдық әкім үшін билікпен қоса, қаражат тиіп, мәселелерді шешуде өзіндік шешім қабылдауға жол ашылмақ. Марат Алданғорұлы бұл тек ауылдық округтік және аудандық басқару типіндегі қалаларға қатысты екендігін атап өтті.

Сайлаушының, әсіресе жастар қауымының құқықтық білімі мен мәдениетін арттыруды мақсат еткен кездесу екі жақты пікір алмасуға ұласты.

Әйгерім ӨЛІМБЕКОВА

## Молодежь не подвела

Крупнейшая в Сибири Международная студенческая конференция (МНСК) «Студент и научно-технический прогресс» состоялась в Новосибирске. Она проводилась в 51 раз Новосибирским Государственным Университетом совместно с НГУ и СибАГС при поддержке Сибирского отделения Российской академии наук.

Сегодня МНСК – это студенческое событие международного уровня под эгидой ЮНЕСКО, проводящееся для налаживания и поддержания контактов среди научной молодежи и инноваторов СНГ, Китая, Франции, Японии, Казахстана, Украины и других стран ближнего и дальнего зарубежья.

Научная программа конференции состояла из 28 секций по основным направлениям фундаментальной и прикладной науки, в том числе физике элементарных частиц и биохимии, цитологии и генетике, археологии и истории. Заседания секций проходили более чем на 20 площадках города. Основная часть докладов была прочитана в НГУ и институтах СО РАН в Академгородке. Ценность конференции заключалась в том, что ее участники познакомились с широким кругом единомышленников и тех людей, которые занимаются сходными проблемами науки. Помимо

участия в заседании секций, участники посетили институты и лаборатории НИИ Академгородка и пообщались с действующими учеными.

Почти 4 тыс. студентов и аспирантов из регионов России и из-за рубежа подали тезисы на участие в конференции. В итоге опубликовано свыше 3 тыс. научных работ, более 1300 участников защищали свои работы в очном формате. В их числе молодой преподаватель, 7 студентов и магистрантов с кафедры физики плазмы и компьютерной физики (ФП и КФ) КазНУ им. аль-Фараби.

Они достойно представили наш университет и физико-технический факультет. По результатам конференции участники были награждены дипломами: 2 степени – А. Утегенов, 3 степени – Р. Машеева и Г. Ахтанова. Сертификаты участников конференции вручены преподавателю кафедры ФП и КФ Л. Еримбетовой, магистрантам 1 курса Б. Мутанову и Г. Омйралиевой,

2 курса Г. Дихамбаевой, 3 курса С. Устабаеву.

Возможность оценить работу коллег и услышать рецензии на свое исследование – еще одно преимущество конференции. Бывшая выпускница кафедры ФП и КФ, магистр физики, ныне молодой преподаватель Л. Еримбетова помимо выступления с научным докладом, успела поработать членом жюри в секции «Физика сплошных сред».

В процессе работы конференции научные сотрудники института ядерной физики (ИЯФ СОРАН) проявили заинтересованность в сотрудничестве с нашим университетом. Сейчас готовится договор о сотрудничестве НГУ с КазНУ, в результате чего расширится образовательная мобильность студентов, появится возможность по обмену обучаться и проходить стажировку.

Отмечая успехи наших участников в МНСК, хотелось бы отметить также, что магистранту кафедры ФП и КФ был присужден диплом 1 степени Ж. Молдабекову – за участие в Международной конференции, С. Оразбаеву – в конкурсе среди проектов студенческого бизнес-инкубатора («Нанобөлшекті энергоүнемдегіш лампа»,

куратор проекта – кандидат физико-математических наук М. Досболаев, участники проекта Д. Батрышев и С. Маулетбек).

На кафедре ФП и КФ в постоянном режиме работают два научных кружка: «Вакуумная техника и плазменные технологии» под руководством доктора физико-математических наук А.Жукешова и «Избранные вопросы физики и технологии современной плазмы» кандидата физико-математических наук М. Досболаева. Студенты КазНУ работают по проектам МОН РК по разным тематикам. По результатам исследований они являются соавторами публикаций не только в казахстанских журналах, но и в рейтинговых зарубежных изданиях, таких как «Contribution to plasma physics», «Physical Physics» и т.д. В сравнении с прошлыми годами увеличивается число студенческой молодежи, привлеченной к решению актуальных проблем современной науки и технологий и заинтересованных в научно-инновационной деятельности.

Н.Н. ТАИРОВА,  
старший преподаватель  
кафедры ФП и КФ,  
выпускница  
НГУ 1980 года

25 мая 2013 года профильную школу КазНУ закончили первые ее выпускники



*Однажды Гегель ненароком и, вероятно, наугад назвал историка пророком, предсказывающим назад*

*Борис Пастернак*

## Историк эпохи Независимости

История Независимого Казахстана начала отсчет своего третьего десятка. Сегодня мы уже можем, с высоты нашего времени, посмотреть с чего начиналась отечественная историческая наука в 90-е годы XX столетия. Это был сложный и одновременно очень интересный период – время рождения личностей, смело и открыто писавших о том, что «наболело» за все прошедшие годы. Одним из таких ученых-казахов, ставшим в первом ряду исследователей, открывших запретные некогда страницы трагического прошлого нашего народа, был Талас Омарбекович Омарбеков. Ремесло историка в том и состоит, чтобы открывать истину, как бы это не было трудно и опасно. На заре становления отечественной исторической науки делалась попытка систематизации нового подхода, современного взгляда на актуальные проблемы истории казахского народа, его судьбы: этногенез, становление казахской государственности, истоки формирования степной цивилизации... Сегодня, когда престиж гуманитарного знания неуклонно снижается, особенно актуально звучат слова Клода Леви-Стросса, что «двадцать первое столетие, будет веком наук о человеке, либо его не будет вообще», а по мнению другого мыслителя «Вглядываясь в историю, мы вольно или невольно стремимся глубже познать самих себя».

Поэтому иногда наступают такие моменты, когда необходимо воздать должное тем, кто каждый день, неустанно и добросовестно, совершает свой гражданский долг – Ученого, Учителя и Человека.

Когда смотришь на деятельность Таласа Омарбековича, то понимаешь, что эта многогранность связана с его мощным природным потенциалом. Ведь именно он позволяет Таласу Омарбековичу не только реализовывать свои творческие идеи в сочетании с пониманием сути долга ученого, но и отражает его способности организатора науки, внесшего свой вклад в процесс подготовки научных кадров-историков.

В первую очередь хочется подчеркнуть совокупность качеств Таласа Омарбековича как ученого, а именно скрупулезность в изучении исторических документов не только по одному из самых сложных периодов истории Казахстана (20-30-е годы XX в.), но практически не исследованных проблем механизма проведения насильственной коллективизации в казахских аулах и их трагических последствий для народа. В 90-е годы им были опубликованы такие

крупные исследования, как «Зобалаң», «20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті», «XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселері», выдвинувшие его как одного из перспективных историков современности и раскрывшие новое видение драматических страниц истории Казахстана. Более того, объективность исследователя, справедливость и честность как человека позволили Таласу Омарбековичу выполнить такую важную функцию историка, как формирование исторического сознания у казахского населения через его неустанные публикации в газетах, журналах о действительных исторических фактах массового голода 20-30-х годов XX в. Это качество ученого, умеющего отстаивать истину, отличает его от многих историков сегодня. В настоящее время Талас Омарбекович известен и как исследователь, активно изучающий самые ранние периоды истории казахского народа. Глубокие знания фольклора казахов, шежире позволяют ему через призму новых подходов раскрывать сложные и противоречивые проблемы отечественной истории.

Если говорить о таланте Таласа Омарбековича как администратора, то с 2010 года, после проведенной реструктуризации и оптимизации исторического факультета, он возглавляет объединенную кафедру «Истории Казахстана», куда вошел профессорско-преподавательский состав кафедр древней и средневековой истории Казахстана, новой и новейшей истории Казахстана, истории Республики Казахстан. Возглавлять такое большое структурное подразделение, число сотрудников которого достигает 33 преподавателя, способен не каждый. Талас Омарбекович Омарбеков, имея большой опыт руководящей работы, сумел сплотить всех членов кафедры, найти к каждому свой подход. Двери в его кабинет открыты всем – и преподавателям, и магистрантам, и студентам.

Выражая свое признание, от всего коллектива желаем Таласу Омарбековичу, чтобы он и дальше задавал своей активной деятельностью высокий этический камертон отечественной исторической науки и еще много лет возглавлял кафедру истории Казахстана!

**Г.С. СУЛТАНГАЛИЕВА,**  
д.и.н., профессор;

**Г.Б. ХАБИЖАНОВА,**  
д.и.н., профессор;

**С.К. УДЕРБАЕВА,**  
к.и.н., доцент

Қансейіт Әбдезұлының ғылыми зерттеу нысаны жан жақты, өрісі кең, пайымы жоғары тұжырымдармен назар аудартады. Әсіресе замандастарының бірі ғалым, философ Ғарифолла Есімнің әр жылдары жазған деректі ой-толғамдарына қатысты талдаулары оның рухани мүдделес әрі тілекші жан екендігін байқатады. Қ.Әбдезұлының «Таным көкжиегі» (Алматы, 2009) жинағында «Даналық антологиясы» және «Даналық философиясы» деген екі талдау мақаласы енген.



## КӨРКЕМДІК БОЛМЫСТЫҢ БІЛГІРІ

...Қансейіт Әбдезұлы «Даналық антологиясында» Ғарифолла Есіммен кездескендегі әсерінен бастап, академик-ғалымның білімі, ғылыми тереңдігі туралы көп мәлімет береді. Ғарифолла Есім туралы: «...ғалым өзінің әбден көзі жеткен, өзі әбден көп жазған, көп зерттеген осынау дүниелерін елге жеткізу, насихаттау, жарқыратып қайта жарыққа шығару мақсатында қыруар жұмыс жасапты. Содан бері де ғалымның ұлттық құндылықтарды арқау еткен бірнеше субелі еңбектері дүниеге келіпті» деп бағалайды. «Даналық антологиясында» ұлт, ұлттық сана, елдік мұрат, ұлттық құндылық туралы мәселелер көп қозғалады. «Қазақ» ұлтының рухы биік екенін көрсетіп, дәлелдейтін Ғарифолла Есімнің «елім» деп соққан жүрегінің лүпілін онымен әңгімелескендегі әсері арқылы өзі де толғана жазған.

Академик Ғарифолла Есімнің қазақ ойшылдары Абай, Шәкәрім туралы жаңа ой-толғамдары биік зердені көрсетеді. Қансейіт Әбдезұлы жазғандай, «әдебиетші, философ көзімен» үңіледі. Соған орай, Қ.Әбдезұлының: «Бүгінгі күнгі өзекті бір мәселе – өз халқымыздың бойындағы рухани күш қуатты жаңа заманға сай жарқыратып көрсету, соған жаңа өріс ашу мәселесі. Өз халқының өз ұлтының қадірін білу, қадіріне жету деген сөз бізге, қазақ азаматтарына үлкен жауапкершілік жүктейді. Осы жауапкершілік жүгінің мәніне, мазмұнына тереңдеп бара алдық па? Мәселе осында», – деген сөздерінен-ақ еліміздің, халқымыздың рухы биік екенін сезініп, елім деп жүрген ұлтжанды азамат екенін байқауымызға болады.

Абайтанушы – Ғарифолла Есімнің еңбегін аса жоғары деңгейде бағалап, ғалым ретінде өзіндік бағасын берген Қансейіт Әбдезұлының «Даналық антологиясы» деген талдау мақаласын ерекше атап кетуге лайық еңбек деп ойлаймын. Бұл мақаласы Ф. Есімнің 60-тың асуына көтерілген кезіне арналып жазылған екен. Бұл талдаулардың авторын көркемдік болмыстың білгірі деп бағалаймыз.

Әрі қарай Қансейіт ағайымыз туралы ойымыздың басын қайырайық. Міне, бүгінде профессор Қансейіт Әбдезұлының өзі 60-қа толды! Біреуге аз, біреуге көп бұл жылдарда үлкен жетістікке жету әр азаматтың қолынан келе беретін дүние емес. 60 жасқа жеткен азамат көп, бірақ 60 жыл өмірін ауыз толтырып айтарлықтай еңбекпен, халықтың ықыласымен, елінің алғысымен өткізген

ер-азаматтарды көп дей алмаймыз. Ең бастысы, 60 жастан кейін Қансейіт ағайдың биік-биік белестері әрі қарай жалғасын тауып, елімізге, халқымыздың көркеюіне қосар үлесі мен етер еңбегінің жалғасын табатындығы. 60 жасында филология саласындағы еңбегін одан әрі тереңдететін Қансейіттей ағайымыздың қатары көп болса, нұр үстіне нұр болмақ.

Ағайымыз – елімізге сіңірген ерең еңбегімен қатар, адамгершілік парызын қатар алып келе жатқан халқымыздың қалаулы азаматтарының бірі де бірегейі. Еңбек етіп келе жатқан жылдарында адамдарды ренжіту деген әрекет түгіл Қансейіт ағайдың болмысында ондай ой орын алмаған. Филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің алдына кімдер келмейді! ... Бірі – оқытушы, бірі – студент, енді бірі – ата-ана. Алдына кім келіп көмек сұраса да жылы шыраймен қарсы алып, көңілін қалдырмай шығарып салатын ағайдың ақкөңіл мінезі халық қалаулысына жарасымды-ақ. Үнемі өзіне жарасымды, салмақты мінезімен, мейірімді жанарымен, ыстық ықыласымен әрбір жанның жүрегіне мейірім сыйлайтын Қансейіт ағайды барлық студент, барлық оқытушы қауым құрметтейді десек артық айтпаған болар едік.

Факультетіміздің сүйікті деканы, ардақты ағайымыз – Қансейіт Әбдезұлы бүгін 60-тың төріне шықты. Өз басым туған ағайымдай көремін, себебі ағалық ақылы мен қамқорын бір кісідей көріп келемін. Өртүрлі жағдайларда тәрбиелік тағылымын көріп, өзімнің де мерейім үстем болады.

Қай кезде де үлкен құрметке лайық Қансейіт Әбдезұлын 60 жас мерейтойымен құттықтай отырып, деніне саулық, отбасына бақыт, еңбекте жеміс тілеймін. Өзіңіз секілді ақжарқын шәкірттеріңіз бен ізбасарларыңыз көбейе берсін. Әркез халқымыздың ықыласы мен алғысына бөлене беріңіз!


Академик-ұстаз биігіне көтерілген Қансейіт Әбдезұлы бүгін алпыстың асуына асықпай, байсалды, салмақты, сенімді көтеріліп, халқымыздың айтулы ғалымының қаламынан құнды дүниелер ұлтымыздың мәңгілік мұраларының қатарынан орын алатынына бек сенеміз...

**Жұлдыз ЕСІМОВА,**  
өл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық университетінің  
аға оқытушысы,  
филология ғылымдарының  
кандидаты

Алматыда өткен «Студенттік көктем» фестивалінде ҚазҰУ-дың «Somone» би тобы «Fest Art» өнер байқауының 1-орнын жеңіп алды







## Рашид ад-Диннің атақты “Жылнамалар жинағы” және Қазақ тарихы

Тарихи мәселелерді зерттеуде жазба деректердің алар орны ерекше. Ал қазақ халқының ежелгі және орта ғасырлардағы тарихын зерттеуде мұсылман деректерінің маңызы зор. Оның ішінде парсы тілінде жазылған Рашид ад-Диннің (1247-1318 жж.) атақты “Жылнамалар жинағы” (“Джами’ ат-таварих”) атты еңбегін атап айтуға болады.

Аталған іргелі еңбекті тарихшы 1301/02 жылдары жазуды бастап 1311/12 жылы аяқтайды. Көріп отырғанымыздай, шығарманың жазушысы Рашид ад-Диннің “Джами’ ат-таварих” атты тарихи еңбегі 1952-63 жылдары аралығында бірнеше том болып орыс тіліне аударылды және ол қазіргі уақытқа дейін XIII-XIV ғасырлардағы Еуразия халықтарының

тарихына қатысты ең маңызды дерек ретінде өз құндылығын жоғалтпай, қолданыста жүрген бірден-бір шығарма болып табылады.

“Жылнамалар жинағынан” қазақ халқының этногенезіне, моңғолдар шапқыншылығына дейін өмір сүрген түрік тайпалары туралы, олардың Қазақстан территориясына қоныстану кезеңдері, әсіресе Қазақ хандығының негізін қалаған Орда Ежен ұрпақтары мен олардың шығу тегі қоныстанған территориясы туралы мағлұматтар алуға болады. Сондай-ақ моңғол жаулап алушылығынан кейін пайда болған мемлекеттер тарихынан мәлімет беретін бірден-бір парсы дерегі.

“Джами’ ат-таварихтың” алғашқы томы Оғыз хан, моңғол атанып кеткен түріктер, жеке билеушілері бар түрік тайпалары,

моңғол тектес түрік тайпаларына арналса, келесі томдарында Шыңғыс хан, оның шығу-тегі мен ата-бабалары, оның ұрпақтары, сондай-ақ Шыңғыс ханның Орта Азия мен Қазақстанды, басқа да елдерді жаулап алуы туралы баяндалады.

Қазақ тарихында XIII-XV ғасырларда өмір сүрген Ақ Орда атты мемлекет тарихының алғашқы кезеңі туралы мағлұматтар алуға болады. Сондай-ақ моңғол жаулап алушылығынан кейін пайда болған мемлекеттер тарихынан мәлімет беретін бірден-бір парсы дерегі.

Бұл тарихи шежіренің ғылыми маңызы аса зор. Мұнда Шыңғыс хан империясы дәуіріне дейінгі түрік

тайпаларының этникалық үрдісі де назардан тыс емес. Еңбекте жүзге жуық түрік ру-тайпаларының атауы аталып, оларға жеке-жеке сипаттама беріледі. Олардың көбі қазіргі күнде қазақ халқының құрамына еніп, қазақ этносына негіз болған ру-тайпалар.

“Жылнамалар жинағы” түркі-моңғол тайпаларының шежіресінен мағлұмат беретін дерек көзі ретінде өз маңызын болашақта да жоғалтпай, адамзат тарихы мен дүниежүзілік әдебиеттің інжу-маржандары қатарында іргелі шығарма ретінде әлі де талай-талай ғылыми зерттеулерге өзек болары анық. Себебі бұл еңбекті “шашырап жатқан” түрік-моңғол тайпаларының басын құрап, империя жасаған Шыңғыс хан мен оның ұрпақтарының ғана тарихы емес, сонымен қатар сол империяның негізін қаласқан, қазіргі кезеңде әрқайсысы жеке бір ұлт болып, белгілі бір территорияны иемденіп, өніп-өсіп отырған түрік-моңғол тайпаларының ежелгі ата тарихынан мағлұмат беретін деректер қатарына да атауға болады.

**Әкімхан ОПТАЕВ,**  
тарих, археология және  
этнология факультетін.  
3-курс студенті

### «100 КИТАП»

Бүгінгі таңда ғалымдар кітап оқудың адам денсаулығына пайдалылығын дәлелдеді. Мәселен кітап оқыған адамда жаңа синапстар (synapsis; грек. «жанасу», «байланысу») пайда болады екен. Яғни жүйке жасушалары ағзаның басқа жасушаларымен байланысып адам ағзасының жасаруына септігін тигізсе керек.

Немістің геронтология және гериатрия қоғамының Президенті Манфред Гогольдің айтуынша, адам күніне кемінде бір сағаттан кітап оқуы тиіс екен. «Кітап оқу кезінде адам миының үйренуге арналған аймақтарында қан айналымы жақсарып, сол аймақтардың белсенділігі артады» дейді ғалым. Сондай-ақ ғалымдардың пайымдауынша, оқу үрдісінің пайдасын еселеу үшін адам кітапты қызыға оқуы тиіс.

«100 кітап» науқанына Халықаралық қатынастар факультетінің сту-

денттері белсенді атсалысты. Олар казактың ұлы ақыны, ойшыл Абайдың шығармашылығын таңдады. Жыл бойы факультетте Абай шығармашылығына байланысты іс-шаралар өткізілді. Мысалы, дипломатиялық аударма кафедрасының ұстаздары Л.А. Дүйсеєва, Р. Маткеримова «Абай оқуын» ұйымдастырды. Онда студенттер Абайдың Қара сөздерін қазақ, ағылшын және француз тілдерінде оқыды. Абайдың махаббат поэзиясын Шекспирдің лирикасымен ұштастырып факультетте

ұлттық «Ғашықтар күні» аталып өтті. Аталмыш мерекелік шарада студенттер махаббат пен адалдықты Абай мен Шекспир тілінде жырлады. Кітап оқу арқылы жастар сүюді, үлкенге құрмет көрсетуді, адалдықты үйренеді. Кітап адамның өмірде өз орнын табуға септігін тигізетін бірден-бір бағдаршы.

**Гүлнар КӘРІПБАЕВА,**  
Халықаралық қатынастар  
факультетінің аударма  
кафедрасының аға оқытушысы

## «Поэзия тарланына» арналған жыр кеші

Жуырда ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасы ұстаздары мен «Жас талап» үйірмесінің ұйымдастыруымен «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасы аясында қазақтың көрнекті ақыны Тұманбай Молдағалиевқа арналған «ПОЭЗИЯ ТАРЛАНЫ» атты еске алу жыр кеші болып өтті.

Жыр кешіне Тұманбай ағамыздың қаламгер әріптесі, шәкірті, «Қазақ тілі және әдебиеті» журналының бас директоры, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, ақын Зернебек Шілдебайұлы келіп, Тұмағанды туралы естеліктерімен бөлісті. «Қолтаңба» немесе «Тұманбай ағам» атты өлеңінен үзінді оқыды.

Өз кезегінде профессор Т.К. Қаратаев Тұмағандымен бірге жүрген кездерін еске алып өтті. Бірнеше өлеңдерінен шағын үзінділер оқып беріп, Тұмағанды махаббаттың жыршысы десек те лайық екенін айтты.

Кеш қонағы Қазақстан Халық Ассамблеясының мүшесі, Ауғанстан диаспорасының төрағасы Ахмадулла Васток мырза да Тұмағанды көрмесе де, сыртынан білетінін айта келіп, жастарды оның өлеңдерін оқуға шақырды.

Сонымен қатар кеш барысында оралман және ауған топтарының арасында Тұмағандың өлеңдері, жырлары,

әндері, студенттер өздері шығарған арнау өлеңдерін оқудан сайыс өтті.

Сайыс тартысты қызықты болды. Әкіш Байдәулеттің орындауында «Құстар қайтып келеді», Мағизат Құрманбектің «Әнім сен едің», Қойлыбай Ұланның «Жүрегім менің», Бөртебаева Майранның «Кешікпей келем деп ең» әндері тыңдарман көңілінен шықты.

Журналистика факультетінің студенттері Әділбек Арғынжан мен Әмірзақ Мәдидің орындауындағы «Күй тартыс» күмбірі залды баурап әкетті.

Тұмағандың кешінде арнау өлеңдерімен Асыл Ерзат пен Оспан Талап ерекше көзге көрінді. Жыр кеші Т. Молдағалиевтің «Құстар әнімен» аяқталды.

**Қ.Р. ЕМБЕРГЕНОВА,  
К.Ж. ӘБДІБЕКОВА,  
ЖОО-ға дейінгі  
дайындық кафедрасының  
аға оқытушылары**

Жаһандану дәуірінде батыстық арзанқол мәдениетке еліктеу, нарықтың қатал заңдары, имандылықты ұмыту, ұлттық құндылықтардан мақұрым қалу, маргиналдану мен мәңгірттену сияқты замана дерттері жайлап барады. Қазіргі қоғамда рухани құндылықтардың көмексіленіп, материалдық байлыққа табыну мен тұтынушылық психология

аударылды. Абайдың «Қара сөздері» мен өлеңдеріндегі және Шәкәрімнің «Үш анығы» мен түрлі шығармаларындағы адамгершілік, имандылық, қанағат, ынсап, махаббат, талап, еңбекқұмарлық туралы ойлары баяндалды. Шеберлік сыныбын өткізуші ғалым Абайдың ақыл, қайрат, жүрек үшеуін көркемөзбен салыстырып, өзара айтысуын, оған ғылымның төрелік

## Рухани құндылық

басым болып тұр. Мұндай пікірді профессор Салтанат Далбайқызы Ізтілеуова «Абай мен Шәкәрім шығармаларындағы адам тәрбиесі мәселесі» жайлы баяндаған дәрісінде сөз етті. 14 мамырда саясаттану кафедрасының ұйымдастыруымен «Айналанды нұрландыр» жобасының аясында өткен іс-шараға отандық және шетелдік ғылыми ортада кеңінен танымал шәкәрімтанушы, Абай атындағы ҚазҰПУ Абайтану ғылыми-зерттеу орталығының профессоры, ф.ғ.д. С.Д. Ізтілеуова арнайы келіп, тәрбиелік мәні мен маңызы терең интерактивті дәріс оқыды.

Шарада мемлекеттілікті нығайту мен ұлттық ерекшеліктерімізді сақтаудың басым бағыты – ұлттық тәрбие мен имандылыққа тәрбиелеу арқылы патриоттық рухты дамыту екені айтылды. Қазақтың ұлы данышпаңдарының бай мұрасын қоғамдық санаға сіңіру уақыт талабы екеніне назар

жасауы арқылы «ой-санасы толық адам» тұжырымдамасын жасауын, бұған балама ретінде Шәкәрімнің «ұжданды адам» деген тұжырымдама ұсынуын асқан педагогикалық шеберлікпен түсіндірді.

Іс-шараның әрбір қатысушысы Абай көрсеткен адами капиталдың дамуына кері әсер етуші кеселдерден – өтірік, өсек, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақтан арылуға, жақсылыққа қарай ұмтылып, талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым сияқты асыл сапаларды басшылыққа алуға белдерін берік бекініп шыққандай болды. Бұл мәселелердің өзектілігі ешқашан да жоғалмайтыны, «Жалпыға бірдей еңбек қоғамын» қалыптастыруға аса қажет рухани құндылықтар ретінде бүгінгі өткір қажеттілікке айналып отырғандығы сараланды.

**С.Ш. МҮСАТАЕВ,**  
Саясаттану кафедрасының  
профессоры, с.ғ.д.

**1 маусым – Балаларды қорғау күнінде «Парасат» қызметкерлер кәсіподағы бүлдіршіндерді «Улыбка» мюзик-холл мерекелік концертіне шақырады**

Перед казахстанскими педагогами высшей школы и учеными поставлены задачи активизации научной интеграции и проведения совместных исследований с зарубежными коллегами. Это позитивно влияет на укрепление позиций Казахстана в мировом научно-образовательном пространстве.

## Казахстан-Болгария: научные и академические связи

КазНУ сотрудничает со многими ведущими университетами мира, в том числе и с вузами Болгарии. Так, например, в июне 2011 года на базе Бургасского свободного университета был реализован первый совместный научно-образовательный проект – курсы повышения квалификации для социальных работников, психологов, педагогов и государственных служащих в сфере социальных услуг. В числе слушателей курсов были преподаватели и магистранты кафедр общей и этнической психологии, общей этнической педагогики факультета философии и политологии КазНУ.

Результатом первой поездки наших преподавателей в Болгарию стал не только обмен опытом и получение сертификата европейского образца, но и установление тесных научных связей. Три преподавателя КазНУ стали членами редколлегий научных журналов Болгарии, и три ученых из болгарских вузов вошли в состав редколлегий разных серий журнала «Вестник КазНУ».

Личное знакомство с известными профессорами, докторами наук университетов Болгарии позволило привлечь зарубежных коллег в качестве научных руководителей докторантов PhD. По программе академической мобильности четыре магистранта специальности «Культурология» факультета философии и политологии в течение осеннего семестра 2012-2013 учебного года прошли обучение в Софийском университете им. Святого Климента Охридского. Они приехали с большим багажом новых знаний и приятных впечатлений от красивейшего города Софии, старейшего вуза Европы, болгарских коллег-преподавателей.

В феврале текущего года преподавателями двух кафедр – общей и этнической психологии, общей и этнической педагогики была организована и проведена международная научно-практическая конференция, посвященная памяти выдающегося казахского педагога и психолога Т. Тажибаева, в которой приняли участие и болгарские коллеги.

В июне в Софийском университете пройдут курсы повышения квалификации психологов и педагогов по методам и технологиям клинической психологии в кризисных ситуациях, что является весьма актуальным в настоящее время. Из КазНУ планируют принять участие порядка 17 преподавателей, магистрантов и студентов.

Осенью планируется приезд профессора Софийского университета Ирины Колевой, являющейся советником министра образования, науки и молодежи Республики Болгария, а также главным редактором методологического журнала «Strategies for Policy in Science and Education». Область научных интересов профессора – проблемы этнопедагогики и этнопсихологии.

Следует особо отметить, что успешная реализация совместных научно-образовательных проектов преподавателями и учеными КазНУ им. аль-Фараби и университетами Болгарии выходит на новый уровень взаимодействия, укрепляет связи и отношения между вузами, странами и народами.

**Майра КАБАКОВА,**  
координатор сотрудничества  
с вузами Болгарии,  
доцент кафедры  
общей и этнической психологии

## Ғалым-ұстаздарымызбен мақтанамыз

Ұстаз – бала бойына ата-анадан кейінгі ақыл-ой, әдептілік, адамгершілік, ар-ұят, ұлттық сана-сезімді сіңіртуші адам. Осындай, халқына бергенінен берері көп, білікті физиктер, ұлағатты ұстаздар, елінің арқа сүйер ақсақалдары – профессорлар Қ.Б. Бақтыбаев, Ә.Д. Дүйсебаев, Ғ.Ж. Мырзағалиев, Н.Б. Қадыров, Т.А. Қожамқұлов, Н.Қ. Қойшыбаев, Ә.Х. Әбілдаев, М.А. Жусупов, А.В. Юшков жарты ғасырдан астам өмірлерін ғылымға арнап, «Ұстаздық еткен жалықпас. Үйретуден балаға», – деп дана Абай атамыз айтқандай, әлі күнге дейін кафедрамызда еңбек етуде. Оқулықтар жазуда, аударма ісінде ерен еңбек еткен ұстаздарымыздың еңбегі мемлекеттік деңгейде танылып, лайықты бағалануда.

Біз ұлы ғалым ұстаздарымызбен мақтанамыз. “Білімді ұстаз – шәкіртінің бақ-дәулеті, дарынды шәкірт – ұстазының сәулеті” демекші, шәкірттері үшін ғылымға жол ашқан ұстаздардың терең теориялық білімі мен мол тәжірибесі, кішіпейілділік пен адамгершілікке тұнған өмір жолдары біз үшін үлгі-өнеге. Мыңдаған шәкірт тәрбиелеп, ғалымдарды, ғылыми мамандарды дайындап, еліміз үшін жасаған еңбектері халықтың ықыласымен құрметтелуде.

Қарттарымыз аман-сау болсын деп, сіздерге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз.

**Б.Т. ДОСАЕВА, Қ.С. ДЮСЕБАЕВ,**  
теориялық және ядролық физика  
кафедрасының аға оқытушылары

## ҚазҰУ-да алғаш Қожакеев оқулары өтті

Қазақ журналистикасы дамуына үлес қосқан көрнекті ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Темірбек Қожакеұлы Қожакеевтің өсімін қайта жаңғыртуға журналистика факультеті алғаш рет студенттік ғылыми, публицистік жобаларға, ғылыми-зерттеу жұмыстарына байқау жариялап, форум ұйымдастырды.

Форумға зиялы қауым қонақтарына, «Ана тілі», «Ақиқат» сынды басылымдар мен «Алматы», «Қазақстан» телеарналарының журналистер де келді. Факультет деканы Ө.Әбдиманұлы алғы сөз айтып, форумды ашты. Т. Қожакеевтің ұлы М.Қожакеев, Темірбек ағаның шәкірті, жазушы Ғ.Қабышев әділқазылар алқасының орынтағын иеленді.

Алғашқы болып 2-курс студенттері А. Әкім мен А. Әбітай қазақ журналистикасының «мықшегесі» туралы түсірген «Біз таныған Қожакеев» деп аталатын фильмдерін көрсетті. Журналистика факультетінің магистранттары мен 2-курс студенті А. Әріпбаев кешегінің аманатын ертеңгі ұрпаққа жеткізудің талтырмас тәсілін тапты. Олар жаңа медианы меңгергендіктерін көрсетіп қонақоймай, өз қажеттеріне де жарата білген. Осы күні «kozhekeev.kz» және «satira.kz»

сайттарының тұсауы кесілді.

Ғылыми форум мынандай нәтижемен аяқталды:

“Ең үздік ғылыми жоба” – “Сатира сардары – Темірбек Қожакеев” зерттеуі үшін 3-курс студенті А. Жүсіпова. “Ең үздік публицистика” – “Журналистік айғақтама жанрының теориялық және практикалық көрінісі” жұмысы З. Пулатова. “Ең үздік сатиралық туынды” – kozhekeev.kz сайты ашқаны, әзірлегендері үшін – 1-курс магистранттары Қ.Құдайберген, Ғ. Жәнібек, Т. Қожакеевтің өмірі мен шығармашылығына арналған ең үздік мультимедиялық жоба – “Біз таңдаған Қожакеев” жұмысы үшін 2-курс студенттері А. Әкім, А. Әбітай.

Сондай-ақ 3 студент ынталандыру сыйлығымен марапатталды. satira.kz сайты әзірлегені үшін 2-курс студенті А.Әріпбаев, “Тележурналистика және қоршаған орта” жұмысы үшін 1-курс студенті Д. Асылбек, “Слухмейкер; недостоверная информация или зомбирование?” 2-курс студенті Я.Пучкова мен Б. Ишекенова 3-курс студенті “Самбоубийство” жұмыстары үшін марапатталды.

**Г. СҰЛТАНБАЕВА,**  
профессор



В рамках акции «Чистый четверг» студенты КазНУ им. аль-Фараби при поддержке отдела внутренней политики Бостандыкского района г. Алматы приняли участие в мероприятии по благоустройству Главного ботанического сада Института ботаники и фитоинтродукции.

Им помогли кураторы-здвайзеры, сотрудники института, а также представители акимата Бостандыкского района, которые предоставили весь необходимый инвентарь для качественной уборки. Общими усилиями были произведены работы по сбору опавших листьев, веток, скошенной травы, очистке мусора, арычной сети и другие работы по уборке парка. И в течение нескольких часов участники акции, заботливо наводя чистоту и порядок, сделали парк еще красивее.

Напомним, что в прошлом году Главному ботаническому саду испол-

нилось 80 лет. Но несмотря на столь солидный возраст, сад по-юношески цветет и является одним из любимых мест отдыха многих горожан. Хотелось бы отметить, что почувствовать свою причастность к созданию уюта в родном городе может каждый его житель. Главное, иметь для этого желание и убежденность в том, что патриотизм – это, прежде всего, реальные дела во благо своей Родины.

**Талгат АБИШЕВ,**  
начальник отдела  
Департамента по  
воспитательной работе

КазНУ с лекцией «Законодательство о выборах в РК» выступил член Центризбиркома РК профессор Марат Сарсембаев



**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

Бас редактор – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА  
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА  
Тілші – Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА  
Корректорлар: Гүлжан РҮСТЕМБЕКОВА, Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА  
Беттеуші – Айжан ЖАҚЫПОВА  
Фототілшілер: Алмат МҰХАМЕТЖАНОВ, Асқар ТАМАШ

**МЕКЕН-ЖАЙЫ:**

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.  
"Бизнес Информ" баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.  
Тел.: 8 (727) 293-09-09

Бағасы келісім бойынша.  
Таралымы 1000 дана.  
Тапсырыс № 10525

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.